


unicef 

әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка



**БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ
ТУРАЛЫ
КОНВЕНЦИЯ**



әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫ: БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН НҮСҚА

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясы - балалардың құқықтарын қорғауға өзіне міндеттеме алған елдерде ратификацияланған маңызды келісім.

Бала құқықтары туралы конвенцияда балалардың кім екендігі түсіндіріледі, сондай-ақ олардың барлық құқықтары мен үкіметтің міндеттемелері тізіліп көрсетіледі. Барлық құқықтар өзара байланысты, олардың барлығы да бірдей маңызды және де оларды балалардан бөлек қарастыруға болмайды.



1 бап: Бала жайлы анықтама

Өз елінің заңына сай 18 жасқа толмаған әрбір адам бала болып табылады, және ол осы Конвенцияда бекітілген құқықтарға ие.



2 бап: Кемсітушілікті болдырмау

Әрбір бала нәсіліне, терінің түсіне, жынысына, тіліне, дініне, әл-ауқаты мен әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, осы Конвенцияда көрсетілген барлық құқықтарға ие. Ешкімді кемсітуге болмайды.



3 бап: Баланың мүдделерін қорғау

Шешімдерді қабылдау барысында үкімет балалардың мүдделерін барынша қамтамасыз етіп, оларға ерекше қорғау мен күтімді көрсетуі тиіс.



4 бап: Құқықтарды іске асыру

Үкіметтер елдегі әрбір баланың Конвенцияда бекітілген құқықтар-

ды пайдалана алуы үшін барлық жағдайды жасаулары қажет.



5 бап: Жанұяда баланы өсіру мен баланың қабілеттерін дамыту

Үкімет баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналардың баланы тәрбиелеудегі құқықтарын, міндеттерін және жауапкершіліктерін құрметтеуі тиіс.



6 бап: Өмір сүру, аман болу және даму құқығы

Әрбір баланың өмір сүруге құқығы бар, және үкімет баланың психикалық, эмоциялық, ақыл-ой, әлеуметтік және мәдени деңгейін қолдай отырып, оның аман-есен, сау болып дамуын қамтамасыз етуге міндетті.



7 бап: Аты-жөні мен азаматтығы

Әрбір бала туылғанда аты-жөні мен азаматтығын алуға құқылы,

сондай-ақ өз ата-аналарын білуге және олардың қамқорлығына сүйенуге құқылы.

8 бап: Даралықты сақтау



Үкімет баланың өз даралығын сақтау құқығын құрметтеуі тиіс, оның ішіне есімі, азаматтығы және отбасылық байланыстары кіреді. Егер бала олардан айырылған жағдайда, үкімет оған бұрынша тез қалпына келуге көмектесуі керек.

9 бап: Ата-анасымен айырылысу



Бала ата-анасынан айырылмауы қажет, оны тек оның мүддесін қорғау үшін ғана жасауға болады. Мысалы, егер бала тиісті ата-аналық күтім алмаса немесе ата-анасы балаға қатігездік көрсететін болса. Егер бала ата-анасының біреуінен, не екеуінен айырылатын болса, ол олармен үнемі түрде көрісіп тұруға құқылы (тек ба-

ланың мүддесіне қайшы келетін жағдайлардан басқа). Егер үкіметтің шешімі нәтижесінде бала ата-анасының біреуінен, не екеуінен айырылатын болса, онда үкімет балаға оның ата-анасының мекен-жайы жөнінде ақпаратты беруге міндетті (тек балаға зиян келтірілетін жағдайлардан басқа).



10 бап: Жанұяның қайта бірігуі

Егер бала мен оның ата-анасы әртүрлі елдерде тұратын болса, онда олар қарым-қатынастарын жалғастыруы үшін елдер арасындағы шекараларды өтіп тұруға мүмкіндіктері болуы қажет.



11 бап: Заңсыз түрде жүру және қайтару

Үкімет балалардың елден заңсыз түрде алып кетуіне тыйым салуы тиіс.



12 бап: Баланың көзқарасы

Бала өзіне қатысты барлық мәселелер бойынша көзқарасын еркін білдіруге құқылы. Үлкендер балалардың пікіріне құлақ асулары қажет.



13 бап: Ой-пікірді еркін білдіру

Бала өз пікірін еркін білдіруге, кез-келген ақпаратты іздеуге, алуға және таратуға құқылы, тек бұл басқа адамдарға зиянын келтірмеуі керек, мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті бұзбауы қажет.



14 бап: Ой, ар-ұждан және дін бостандығы

Үкімет баланың ойлауға, ар-ұждан және дініне қатысты бостандығын құрметтеуі тиіс. Ата-аналар немесе қамқоршылар балаға осы құқық жайлы түсіндіріп беруі керек.



15 бап: Қауымдастық еркіндігі

Балалар өзі қалаған топтарға қосылуға немесе топтар мен ұйымдарды құруға құқылы, тек бұл басқа адамдарға зиянын келтірмеуі керек, мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті бұзбауы қажет.



16 бап: Жеке өмір құқығын қорғау

Әрбір баланың жеке өмірге құқығы бар. Ешкім оның абырой-беделіне нұқсан келтіруге, сондай-ақ рұқсатсыз оның үйіне кіруге және оның хаттарын оқуға құқығы жоқ. Бала өзінің ар-намысы мен абыройына заңсыз қол сұғудан қорғау алуға құқылы.



17 бап: Пайдалы ақпаратқа қолжетімділік

Әрбір бала ақпарат алуға құқығы бар. Үкімет бұқаралық ақпарат құралдарын балалардың рухани және мәдени дамуына ықпалын

тигізетін материалдарды таратуға ынталандырып, балаларға зиян келтіретін ақпаратқа тыйым салуы қажет.

18 бап: Ата-ананың жауапкершілігі



Ата-аналар бала тәрбиесі мен дамуына бірдей жауапты. Үкімет ата-аналарға баланы тәрбиелеу мен дамытуда көмек көрсетіп, сондай-ақ балалар мекемелерінің желісін дамытуды қамтамасыз етуі керек.

19 бап: Қатыгездік пен немқұрайлықтан қорғау



Үкімет баланы ата-аналар немесе басқа адамдар тарапынан болатын зорлық-зомбықтың барлық түрлерінен, немқұрайлылық пен қиянат көрсетушіліктен қорғауы қажет, сондай-ақ ересектерден қатыгездік көрген балаға көмектесуге міндетті.



20 бап: Отбасысыз қалған баланы қорғау

Егер бала отбасынан айырылған болса, онда ол үкімет тарапынан арнайы қорғау мен көмек алуға құқылы. Үкімет балаға қажетті тәрбие мен күтімді қамтамасыз ету үшін оның тілін, дінін, мәдениетін құрметтейтін адамдарға баланы тапсыра алады.



21 бап: Асырап алу

Бала асырап алған жағдайда үкімет оның ең жақсы мүдделерінің сақталуын, оның заңды құқықтарының бұлжытпай орындалуын қадағалауы қажет. Бала асырап алу кезінде ел ішінде де, шетелде де бірдей ережелер, кепілдіктер мен нормалар қолданылуы қажет.



22 бап: Босқын балалар

Басқа елден келген балаларға үкімет ерекше қорғауды, олардың мектепке барып, білім алуын, та-



мақтануын, отбасына оралуын қамтамасыз етуі керек.

23 бап: Мүгедектігі және ерекше қажеттіліктері бар балалар

Ақыл-ой немесе физикалық тұрғыдан ерекше қажеттіліктері бар әрбір бала қоғамда барынша лайықты өмір сүруге құқығы бар. Үкімет мұндай балаларға сабақ оқу, ем алу, еңбекке дайындалу, демалу, барынша тәуелсіз болуға, яғни толыққанды өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.



24 бап: Денсаулық пен денсаулық сақтау

Әрбір бала өз денсаулығын сақтау үшін дәрігерлік көмек алуға, таза су ішуге, таза және қауіпсіз ортада өмір сүруге және толыққанды тамақтануға құқығы бар. Барлық ересек адамдар мен балалар денсаулықты сақтау жайында толық ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс.



25 бап: Қамқорлыққа алынған балаларды мерзімді бағалау

Үкімет қамқорлыққа алынған әрбір баланың өмір сүру жағдайы мен ахуалы жайлы үнемі тексеріп отыруы қажет.



26 бап: Әлеуметтік қамсыздандыру

Үкімет жағдайы нашар отбасылардағы балаларға ақшалай немесе басқалай көмектесуі керек.



27 бап: Өмір сүру деңгейі

Балалар өздерінің толыққанды дамуы үшін тамаққа, киімге және қауіпсіз тұрғын жайға құқығы бар. Үкімет бұл құқықты жүзеге асыруға мүмкіндіктері жоқ отбасылар мен балаларға көмектесуі тиіс.



28 бап: Білім алу

Әрбір бала білім алуға, мектепке баруға құқылы. Бастапқы білім алу тегін болуы тиіс. Ал одан кейінгі берілетін білім әрбір бала үшін

қолжетімді болуы керек. Мектепте бала құқықтары толық қорғалып, оның адами қадір-қасиеті құрметтелуі керек. Балалардың мектепке үнемі баруын үкімет қадағалап, бақылайды.



29 бап: Білім алудың мақсаттары

Білім беретін мекемелер баланың жеке тұлғасын, дарынын, ақыл-ой және физикалық қабілеттерін ашып, оларды дамытуға көмек көрсетуге міндетті. Сондай-ақ баланы өзінің және басқалардың құқықтарын біліп, құрметтеуге, ата-анасын сыйлауды үйретуі тиіс.



30 бап: Аз ұлттар мен байырғы халықтарға жататын балалар

Басқа елден келген баланың өз тілінде сөйлеуге, өз дінін ұстануға, халқының әдет-ғұрыптарын сақтауға құқығы бар.



31 бап: Демалыс, бос уақыт пен мәдени өмір

Әрбір баланың демалуға, ойнауға, сондай-ақ мәдени және шығармашылық іс-шараларға қатысуға құқығы бар.



32 бап: Балалар еңбегі

Үкімет баланы қауіпті және зиянды жұмыстан қорғауы қажет. Жұмыс баланың білім алуына, рухани және физикалық дамуына кедергісін келтірмеуі керек.



33 бап: Есірткіні заңсыз қолдану

Үкімет жасөспірімдердің есірткі секілді зиянды заттарды заңсыз қолдануына жол бермеуі керек, және осыдан қорғау үшін қолдан келгенше баланы барынша қорғау қажет, және балалардың есірткіні өндіруде және таратуда қатысуына жол бермеуі тиіс.



34 бап: Сексуалдық қанаушылық

Үкімет балаларды сексуалдық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғауға міндетті.



35 бап: Сату, адам саудасы және ұрлау

Үкімет балалардың ұрлауына, контрабанда арқылы сатылуына жол бермеу үшін бар күш-жігерін салуы қажет. Ата-аналар балаларға бейтаныс адамдармен сөйлеспеуді ескертуі керек.



36 бап: Қанаудың (пайдаланудың) басқа да түрлері

Үкімет балалардың пайдаланылуына жол бермеуі тиіс, оларға зиян келтіретін кез-келген әрекеттерден қорғауы қажет.



37 бап: Азаптау және бостандығынан айыру

Үкімет әрбір баланы қатыгездіктен, жазықсыз қамалуынан қорғау қа-

жет. Еркіндік пен бостандығынан айырылған бала жақын адамдарымен хабардар болып отыруы қажет.



38 бап: Қарулы қақтығыс

Үкімет 15 жасқа толмаған балаларға әскерге баруға, соғысқа қатысуға рұқсат етпеуі керек. Соғыс болып жатқан жерлердегі балалар ерекше қорғау мен күтім алуы қажет.



39 бап: Қалпына келтіру күтімі

Егер бала қатыгездіктен, қанаудан жапа шексе, онда үкімет ол балаға көмек көрсетіп, денсаулығын қайта жақсартуға қолдау көрсетуі қажет.



40 бап: Заңды бұзушы балаларға құқықтық көмек

Заңды бұзған балалар қажетті көмекке жүгінуге және оларға әділетті түрде қарауға құқығы

бар. Оларға қоғамның жақсы азаматы болуға қажетті көмек көрсетілуі тиіс. Түрме тек соңғы шешім болуы қажет.



41 бап: Ең жоғары нормаларды қолдану

Елдің заңы балалардың құқықтарын осы Конвенцияға қарағанда жақсырақ қорғайтын болса, онда сол елдің заңы бірінші кезекте қолданылуы қажет.



42 бап: Ұстану және өз күшіне ену

Үкімет бала құқықтары туралы Конвенция жайлы ақпаратты кеңінен таратуы қажет.



43-54 баптарда

ересек адамдар мен үкіметтер бірлесе отырып балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қандай әрекеттер жасауы қажет жайлы ақпаратты қамтиды.

Бала құқықтары туралы конвенцияның
толық мәтінін БҰҰ Балалар қорының
(ЮНИСЕФ) сайтынан таба аласыздар:
www.unicef.org/kazakhstan

**Біздің әлеуметтік
желілерімізге жазылыңыздар:**

-  UNICEF_Kazakhstan
-  @unicef_kaz
-  @unicefkazakhstan

**ҚР Бала құқықтары жөніндегі Уәкілдігінің
балаларға арналған сенім телефоны «111»**